

Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот құжаттары мен сottан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенцияны ратификациялау туралы

Казақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 22 шілдедегі № 338-V ҚРЗ

1965 жылғы 15 қарашада Гаагада жасалған Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот құжаттары мен сottан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенция Казақстан Республикасының мынадай мәлімдемелерімен ратификациялансын:

"1) Конвенцияның 5-бабының үшінші бөлігіне сәйкес тапсыруға жататын құжаттар, егер олар қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалса немесе көрсетілген тілдерге аудармасы қоса берілген болса ғана, қабылданады;

2) Конвенцияның 16-бабында көрсетілген мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат, егер ол сот шешім шыгарған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін берілген болса, қанағаттандырылуға жатпайды".

Казақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

АЗАМАТТЫҚ НЕМЕСЕ САУДА ИСТЕРІ БОЙЫНША СОТ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН СОТТАН ТЫС ҚҰЖАТТАРДЫ ШЕТЕЛДЕ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

(1965 жылғы 15 қарашада жасалған)

Осы Конвенцияға қол қойған Мемлекеттер,

Шетелде тапсырылуға жататын сот құжаттарымен және сottан тыс құжаттармен адресатты уақтылы хабардар етуді қамтамасыз ету жөніндегі тиісті тетіктер жасауға ниет білдіре отырып,

Ресімдерді оңайлату және жеделдету арқылы өзара сот көмегін ұйымдастыруды жетілдіруге ниет білдіре отырып,

Конвенция жасасуды шешті және мынадай келісімге келді:

1-бап

Осы Конвенция азаматтық немесе сауда істерінің сот құжатын немесе сottан тыс құжатты шетелде беру және тапсыру үшін жіберу қажет болған барлық жағдайларда қолданылады.

Егер құжатты алушының мекенжайы белгісіз болса, Конвенция қолданылмайды.

I ТАРАУ. СОТ ҚҰЖАТТАРЫ

2-бап

Әрбір Ұағдаласуши Мемлекет 3 – 6-баптардың ережелеріне сәйкес басқа Ұағдаласуши Мемлекеттерден келіп түсетін құжаттарды тапсыру туралы сұрау салуды қабылдау және қарau міндегі жүктелетін Орталық Органды тағайындауға тиіс.

Әрбір Мемлекет өз заннамасына сәйкес өзінің Орталық Органы қызметінің шарттарын айқындауға тиіс.

3-бап

Сұрау салушы Мемлекеттің заннамасына сәйкес өкілеттік берілген орган немесе соттың лауазымды адамы сұрау салынатын Мемлекеттің Орталық Органына зандастыру немесе басқа баламалы формальдылықтарды орындау қажеттілігінсіз осы Конвенцияға қоса берілетін үлгіге сәйкес жасалған сұрау салуды жібереді.

Тапсырылуға жататын құжат немесе оның көшірмесі сұрау салуға қоса беріледі. Сұрау салу және құжат екі данада беріледі.

4-бап

Егер Орталық Орган сұрау салу осы Конвенцияның талаптарына сай келмейді деп есептесе, ол бұл туралы өзінің сұрау салуға ескертпелерін толық баяндап, өтініш берушіге дереу хабарлауға тиіс.

5-бап

Сұрау салынатын Мемлекеттің Орталық Органы құжатты дербес жеткізеді және тапсырады немесе оның тапсырылуын тиісті мекемелер арқылы өзгеше түрде, не:

a) осы Мемлекетте жасалған құжаттарды, оның аумағындағы адамдарға тапсыру немесе жеткізу үшін осы Мемлекеттің заннамасында көзделген тәртіппен,

b) айрықша тәртіппен, егер мұндай тәртіп сұрау салынатын Мемлекеттің заннамасына үйлеспейтін болып табылмаса, өтініш берушінің өтінішхаты бойынша қамтамасыз етеді.

Осы баптың бірінші бөлігінің b) тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, құжат ерікті түрде қабылдауға келіскең адресатқа тікелей жеткізілуі мүмкін.

Егер құжат осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес тапсырылуға жататын болса, Орталық Орган құжаттың сұрау салынатын Мемлекеттің ресми тілінде немесе ресми тілдерінің бірінде жасалуын немесе сол тілдердің біріне аударылуын талап ете алады.

Адресатқа құжатпен бірге сұрау салудың тапсырылуға тиіс құжаттың негізгі ережелерін қамтитын, осы Конвенцияға қоса берілетін үлгі бойынша ресімделген бөлігі жеткізіледі.

6-бап

Сұрау салынатын Мемлекеттің Орталық Органы немесе осы мақсатпен тағайындалуы мүмкін басқа орган осы Конвенцияға қоса берілетін үлгі бойынша куәлік нысанында тапсыру туралы растауды жасайды.

Куәлікте құжаттың тапсырылғандығы расталады және тапсыру тәсілі, орны және күні келтіріледі, сондай-ақ құжат тапсырылған адам көрсетіледі. Егер құжат тапсырылмаған болса, онда куәлікте осыған кедергі болған себептер көрсетіледі.

Өтініш беруші Орталық Орган немесе сот органы жасамаған куәлікті олардың біреуінің растауын талап ете алады.

Куәлік тікелей өтініш берушіге жіберіледі.

7-бап

Осы Конвенцияға қоса берілетін үлгілерде көрсетілген стандартты терминдер барлық жағдайларда француз немесе ағылшын тілінде келтіріледі. Олар сұрау салушы Мемлекеттің ресми тілінде немесе ресми тілдерінің бірінде келтірілуі де мүмкін.

Бланкілердің тиісті бағандары сұрау салынатын Мемлекеттің тілінде не француз немесе ағылшын тілінде толтырылады.

8-бап

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет өздерінің дипломатиялық немесе консулдық агенттерінің көмегімен шетелдегі адамдарға мәжбүрлеу шараларын қолданбай, сот құжаттарын тапсыруды жүзеге асыруға құқылы.

Құжат сұрау салушы Мемлекеттің азаматына тапсырылуға тиіс жағдайларды қоспағанда, кез келген Мемлекет өз аумағында мұндай тапсыру тәртібіне жол бермейтіндігі туралы мәлімдей алады.

9-бап

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет басқа Уағдаласуши Мемлекеттің жеткізу үшін тағайындалған органдарына сот құжаттарын тапсыруға арналған жеткізуге консулдық арналарды қосымша пайдалануға құқылы.

Ерекше мән-жайларда әрбір Уағдаласуши Мемлекет дипломатиялық арналарды дәл сондай мақсаттарда пайдалана алады.

10-бап

Егер сұрау салынатын Мемлекет наразылықтарын мәлімдемесе, осы Конвенция:

a) шетелдегі адамдарға сот құжаттарын пошта арқылы тікелей жіберу мүмкіндігіне,

b) сұрау салушы Мемлекеттің сотының және өзге де лауазымды адамдарының немесе басқа құзыретті адамдарының сұрау салынатын Мемлекеттің сотының және өзге де лауазымды адамдарының немесе басқа құзыретті адамдарының көрсететін қызметтеріне тікелей сүйене отырып, сот құжаттарын тапсыруды жүзеге асыру мүмкіндігіне,

c) сот талқылауына қатысатын кез келген адамның сұрау салынатын Мемлекеттің сотының және өзге де лауазымды адамдарының немесе басқа құзыретті адамдарының көрсететін қызметтеріне тікелей сүйене отырып, сот құжатын тапсыруды жүзеге асыру мүмкіндігіне кедергі келтірмейді.

11-бап

Осы Конвенция сот құжаттарын тапсыру мақсатында екі немесе одан көп Уағдаласуши Мемлекеттің алдыңғы баптарда көзделгендерден өзге жеткізу жолдарын шешу туралы уағдаласуына және атап айтқанда, олардың тиісті органдарының арасындағы тікелей байланыстарына кедергі келтірмейді.

12-бап

Уағдаласуши Мемлекеттен келіп түсетін сот құжаттарын тапсыру сұрау салынатын Мемлекет көрсеткен қызметтерге байланысты алымдарды немесе шығыстарды алуға немесе өтеткізуге себеп бола алмайды.

Өтініш беруші:

a) соттың лауазымды адамының немесе сұрау салынатын Мемлекеттің заңнамасы бойынша өкілеттік берілген адамның қатысуынан,

b) тапсырудың ерекше тәртібін қолданудан туындаған шығыстарды төлейді немесе өтейді.

13-бап

Егер тапсыру туралы сұрау салу осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келетін болса, сұрау салынатын Мемлекет сұрау салудың орындалуы оның егемендігіне немесе қауіпсіздігіне залал келтіруі мүмкін деп есептесе ғана оны орындаудан бас тарта алады.

Сұрау салынатын Мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес қаралып жатқан істің нысанасы бойынша ерекше юрисдикцияға ие болған немесе оның заңнамасы бойынша

мәлімделген сұрау салу негізінде жатқан талап қоюға жол берілмейді деген негізде ғана орындаудан бас тарта алмайды.

Орындаудан бас тартылған жағдайда Орталық Орган бас тарту себептерін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге дереу хабар береді.

14-бап

Сот құжаттарын тапсыру мақсатында оларды беруге байланысты туындауы мүмкін қыындықтар дипломатиялық жолмен шешіледі.

15-бап

Соттың шақыру қағазы немесе баламалы құжат осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тапсыру мақсатында шетелге жіберілуге тиіс болған және жауапкер сотқа келмеген жағдайда, сот:

a) құжат сұрау салынатын Мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен оның аумағындағы адамдарға онда жасалған құжаттарды тапсыру немесе жеткізу үшін тапсырылғандығы, немесе

b) құжаттың жауапкердің өзіне немесе осы Конвенцияда көзделгеннен өзге де тәртіппен тұрғылықты жеріне шынымен жеткізілгендердің және осы жағдайлардың кез келгенінде жауапкер өзін қорғауға дайындала алатында болып, құжаттың уақтылы тапсырылғандығы немесе жеткізілгендердің анықталмағанша шешім шығаруды кейінге қалдырады.

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет осы баптың бірінші бөлігінің ережелеріне қарамастан, құжаттың тапсырылғандығын немесе жеткізілгендердің растайтын куәлік алынбаған болса да, мына шарттардың барлығы орындалған кезде:

a) құжат осы Конвенцияда көзделген тәсілдердің бірімен берілсе,

b) құжат жіберілген күннен бастап судья әрбір нақты іске қатысты жеткілікті деп айқындаған және алты айдан кем болмайтын уақыт кезеңі өтсе,

c) сұрау салынатын мемлекеттің құзыретті органдарынан куәлік алу үшін барлық ақылға қонымды шаралар қолданылғанына қарамастан, қандай да болсын куәлік алынбаса, судья шешім шығара алатынын мәлімдеуге құқылы.

Осы бап кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда судьяның талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі кез келген шараларды қолдануына кедергі болмайды.

16-бап

Соттың шақыру қағазы немесе баламалы құжат осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тапсыру үшін шетелге жіберілуге жататын болған және сотқа келмеген

жауапкерге қарсы сот шешім шығарған жағдайда, судья мына шарттар орындалған кезде:

a) жауапкерге өзін қорғауға дайындала алатында жеткілікті түрде күні бұрын құжат туралы немесе ол шағым жасай алатында жеткілікті түрде күні бұрын шығарылған шешім туралы белгілі болмауы өзінің кінәсінен болмаса, және

b) жауапкер өзін қорғауға негізді дәлелдерді ұсынса, шешімге шағым жасау мерзімінің өту салдарынан жауапкерді босатуға құқылы.

Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат жауапкерге шешім туралы белгілі болғаннан кейін ақылға қонымды мерзім ішінде ғана берілуі мүмкін.

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет мұндай өтінішхат, егер ол өтінішінде көрсетілетін мерзім өткен соң берілсе әрі мұндай мерзім шешім шығарылған күннен бастап есептегендегі бір жылдан кем болуы мүмкін емес болса, қанағаттандырылуға жатпайтынын мәлімдеуге құқылы.

Осы баптың ережелері адамдардың мәртебесіне немесе құқық қабілеттілігіне қатысты шешімдерге қолданылмайды.

II ТАРАУ. СОТТАН ТЫС ҚҰЖАТТАР

17-бап

Уағдаласуши Мемлекеттің органдарынан және соттың лауазымды адамдарынан шығатын соттан тыс құжаттар басқа Уағдаласуши Мемлекетте осы Конвенцияда көзделген тәртіпке және жағдайларға сәйкес тапсыру үшін берілуі мүмкін.

III ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18-бап

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет Орталық Органнан бөлек, басқа органдарды тағайындалап, олардың құзыретін айқындаі алады.

Алайда, өтініш беруші барлық жағдайларда Орталық Орган тікелей сұрау салу жіберуге құқылы.

Федеративтік Мемлекеттер бірнеше Орталық Орган тағайындауға құқылы.

19-бап

Осы Конвенция алдыңғы баптарда көзделмеген, аумағында тапсыру немесе жеткізу мақсатында шетелден келіп түскен құжаттарды беру тәсілдеріне рұқсат ететін Уағдаласуши Мемлекет заннамасының ережелерін қозғамайды.

20-бап

Осы Конвенция екі немесе одан да көп Уағдаласуши Мемлекеттің арасында:

- a) 3-баптың екінші бөлігінің екі данада жіберілген құжаттар туралы,
- b) 5-баптың үшінші бөлігінің және 7-баптың тіл жөніндегі талаптар туралы,
- c) 5-баптың төртінші бөлігінің,

d) 12-баптың екінші бөлігінің ережелерін қолданбау туралы уағдаластыққа қол жеткізуіне кедергі болмайды.

21-бап

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған кезде не кейінірек Нидерландтың Сыртқы істер министрлігін:

- a) 2 және 18-баптарға сәйкес органдары тағайындау,
- b) 6-бапқа сәйкес куәліктер беруге уәкілеттік берілген органды тағайындау,
- c) 9-бапқа сәйкес консулдық арналар арқылы берілетін құжаттарды қабылдауға уәкілеттік берілген органды тағайындау туралы хабардар етеді.

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет тиісті жағдайларда да Министрлікті:

- a) 8 және 10-баптарда көзделген беру тәсілдерін пайдалануға қарсы өздерінің наразылықтары,
- b) 15-баптың екінші бөлігінде және 16-баптың үшінші бөлігінде көзделген мәлімдемелер,
- c) аталған тағайындауларға, наразылықтарға және мәлімдемелерге қатысты барлық өзгерістер туралы хабардар етеді.

22-бап

Осы Конвенция 1905 жылғы 17 шілдеде және 1954 жылғы 1 наурызда Гаагада қол қойылған Азаматтық процесс мәселелері жөніндегі конвенциялардың біріне немесе екеуіне де қатысуышылар болып табылатын осы Конвенцияға қатысуыш мемлекеттер арасындағы қатынастарда осы Конвенциялардың 1 - 7-баптарын алмастырады.

23-бап

Осы Конвенция 1905 жылғы 17 шілдеде Гаагада қол қойылған Азаматтық процесс мәселелері жөніндегі конвенцияның 23-бабының немесе 1954 жылғы 1 наурызда Гаагада қол қойылған Азаматтық процесс мәселелері жөніндегі конвенцияның 24-бабының қолданылуын қозғамайды.

Алайда, бұл баптар көрсетілген Конвенцияларда көзделгендеге үксас байланыс тәсілдері пайдаланылған жағдайда ғана қолданылады.

24-бап

Егер мүдделі Мемлекеттер өзгеше уағдаласпаса, 1905 жылғы және 1954 жылғы Конвенцияларға қатысушылар арасындағы қосымша келісімдер осы Конвенцияға да бірдей қолданыста болады деп қарастырылады.

25-бап

Осы Конвенция, 22 және 24-баптардың ережелеріне нұқсан келтірмей, қатысушылары Уағдаласуши Мемлекеттер болып табылатын немесе болатын және осы Конвенциямен реттелетін мәселелер жөніндегі ережелерді қамтитын конвенцияларды қозғамайды.

26-бап

Осы Конвенция Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының оныншы сессиясында ұсынылған Мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық.

Ол ратификациялануға жатады және ратификациялық грамоталар Нидерландтың Сыртқы істер министрлігіне сақтауға тапсырылады.

27-бап

Осы Конвенция 26-баптың екінші бөлігінде аталған үшінші ратификациялық грамота сақтауға тапсырылғаннан кейін алпысыншы күні қүшіне енеді.

Кейіннен Конвенция оған қол қойған және оны ратификациялаған әр Мемлекет үшін ратификациялық грамотаны сақтауға тапсырғаннан кейін алпысыншы күні қүшіне енеді.

28-бап

Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының оныншы сессиясында өкілдік етпеген кез келген Мемлекет 27-баптың бірінші бөлігіне сәйкес осы Конвенция қүшіне енгеннен кейін оған қосыла алады. Қосылу туралы құжат Нидерландтың Сыртқы істер министрлігіне сақтауға тапсырылады.

Мұндай Мемлекет үшін Конвенция мұндай құжатты сақтауға тапсырғанға дейін Конвенцияны ратификациялаған қандай да болсын Мемлекет тарапынан наразылық болмаған кезде, Нидерландтың Сыртқы істер министрлігі оның қосылғандығы туралы хабардар етілгеннен кейін алты ай ішінде мұндай қарсылық туралы осы Мемлекет министрлігін хабардар еткен жағдайда қүшіне енеді.

Наразылық болмаған жағдайда қосылатын Мемлекет үшін Конвенция алдыңғы бөлікте аталған кезеңдердің соңғысы аяқталғаннан кейін келетін айдың бірінші күні күшіне енеді.

29-бап

Кез келген Мемлекет қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде осы Конвенция халықаралық қатынастарына жауапты болатын барлық аумақта не біріне немесе олардың кейбіріне қолданылатындығын мәлімдей алады. Мұндай мәлімдеу осы Мемлекет үшін Конвенция күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

Кейіннен Конвенцияның қолданылу аясының кез келген мұндай аумақтық кеңеюі туралы Нидерландтың Сыртқы істер министрлігі хабардар етіледі.

Кеңею туралы өтініште көрсетілген аумақтар үшін Конвенция алдыңғы бөлікте аталған хабарламадан кейін алпысыншы күні күшіне енеді.

30-бап

Осы Конвенция 27-баптың бірінші бөлігіне сәйкес күшіне енген күннен бастап, оның ішінде оны ратификациялайтын немесе оған кейінірек қосылатын Мемлекеттер үшін бес жыл бойы күшінде қалады.

Денонасия туралы өтініштер болмаған кезде ол жауап қатпаған келісіммен әр бес жыл сайын ұзартылады.

Нидерландтың Сыртқы істер министрлігі кез келген денонасия туралы тиісті бес жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын хабардар етілуге тиіс.

Денонасия Конвенция қолданылатын аумақтың бөлігімен шектелуі мүмкін.

Денонасия бұл туралы хабардар еткен Мемлекет үшін ғана күшінде болады. Басқа Уағдаласуышы Мемлекеттер үшін Конвенция күшінде қалады.

31-бап

Нидерландтың Сыртқы істер министрлігі 26-бапта көрсетілген Мемлекеттерді және 28-бапқа сәйкес Конвенцияға қосылған Мемлекеттерді:

- a) 26-бапқа сәйкес қол қойылғандығы және ратификацияланғандығы;
- b) 27-баптың бірінші бөлігінің ережелеріне сәйкес осы Конвенцияның күшіне енген күні;
- c) 28-бапқа сәйкес Мемлекеттердің қосылғандығы және олар үшін Конвенцияның күшіне ену мерзімдері;
- d) Конвенцияның қолданылуының 29-бапта аталған, аумақтық аясының әрбір кеңеюі және оның күшіне ену күндері;
- e) 21-бапта көзделген тағайындаулар, наразылықтар және мәлімдемелер;

f) 30-баптың үшінші бөлігіне сәйкес денонсация жағдайлары туралы хабардар етеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

1965 жылғы 15 қарашада Гаагада ағылшын және француз тілдерінде ЖАСАЛДЫ әрі екі мәтін де теңтүпнұсқалы болып табылады, бір данасы Нидерланд Үкіметінің мұрағаттарында сақталады және куәландырылған көшірмесі дипломатиялық арналар арқылы Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының оныншы сессиясында ұсынылған Мемлекеттердің әрқайсысына жіберіледі.

Ескеरту. 1980 жылғы 25 қазанда Он төртінші отырысында азаматтық немесе сауда істері бойынша шетелдерде жолданатын немесе берілетін сот және соттан тыс сүйемелденетін құжаттары ақпараты туралы Ұсынымдар қабылданды. (Төртінші сессиясының актілері мен құжаттары (1980 ж.), 1 том, Әртүрлі мәселелер; 1-67 б.; сондай-ақ, IV Том, Құқықтық көмек, 339 б.; 1965 жылғы 15 қарашадағы азаматтық немесе сауда істері бойынша шетелдерде сот және соттан тыс құжаттар беру туралы Гаага Конвенциясының жұмысы бойынша практикалық басшылық).

ТАПСЫРУҒА ЖАТАТЫН ҚҰЖАТ (СҰРАУ САЛУ ЖӘНЕ РАСТАУ) МАЗМҰНЫНЫҢ ҮЛГІСІ (3, 5, 6 және 7-баптар бойынша қосымшалар)

КОНВЕНЦИЯҒА ҚОСЫМША ҮЛГІЛЕР СОТ ҚҰЖАТТАРЫН НЕМЕСЕ СОТТАН ТЫС ҚҰЖАТТАРДЫ ШЕТЕЛДЕ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ

1965 жылғы 15 қарашада Гаагада қол қойылған Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот құжаттары мен соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенция

Отініш берушінің атауы және мекенжайы

Сұрау салынатын органның мекенжайы

Төменде қол қойған өтініш беруші төменде санамаланған құжаттарды екі данада жіберуді өзіне мәртебе санайды және жоғарыда аталған Конвенцияның 5-бабына сәйкес көрсетілген құжаттардың бір данасын кешіктірмей адресатқа:

(атауы және мекенжайы) _____

a) Конвенцияның 5-бабы бірінші бөлігінің (а) тармақшасының ережелеріне сәйкес*
b) мынадай ерекше тәртіпке (5-баптың бірінші бөлігінің (b) тармақшасы) сәйкес*.

с) егер адресат құжаттарды өз еркімен қабылдауға келіссе, оған жеткізу арқылы (5-баптың екінші бөлігі)* тапсыруды сұрайды.

Сұрау салушы органға құжаттардың бір данасын және оған қосымшаларды* үлгіге сәйкес сырт жағында тапсырылғандығы туралы растаумен бірге қайтару немесе олардың қайтарылуын қамтамасыз етуді өтінеді.

Күжаттар тізбесі

жасалған

Қолы және/немесе мөрі

* Керек емесін сыйыңыз.

Сурау салудың сырт жағы

PACTAY

Төменде қол қойған орган көрсетілген Конвенцияның 6-бабына сәйкес

1) құжаттар*

- күні

- елді мекен, көшесі, үй

5-бапта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

a) 5-баптың бірінші бөлігінің (a) тармақшасының ережелеріне сәйкес*.

b) мынадай ерекше тәртіпке сәйкес*

c) оларды өз еркімен қабылдаған адресатқа жеткізу арқылы тапсырылғандығын*. Сұрау салуда көрсетілген құжаттар:

- (адамның аты және мәртебесі)

- адресатқа қатысы (отбасылық, іскерлік немесе өзге)

жеткізілді.

2) құжаттар мынадай себептер бойынша:

тапсырылмағандығын растауды өзіне мәртебе санайды*.

Аталған Конвенцияның 12-бабының екінші бөлігіне сәйкес сұрау салушы органға қосымшада жазылған шығыстарды төлеуді немесе өтеуді өтінеді*.

Қосымшалар

Қайтарылатын құжаттар:

Тиісті жағдайларда тапсырылғанын растайтын құжаттар:

жасалды.

Колы және/немесе мөрі

* Керек емесін сызыңыз

ТАПСЫРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ҚҰЖАТТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

1965 жылғы 15 қарашада Гаагада қол қойылған Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот құжаттары мен соттан тыс құжаттарды шетелде тапсыру туралы конвенция
(5-бап, төртінші бөлік)

Сұрау салушы органның атауы және мекенжайы:

Тараптар*:

СОТ ҚҰЖАТЫ**

Құжаттың сипаты және мақсаты:

Сот талқылауының сипаты және мәні, ал тиісті жағдайларда – талап қою сомасы:

Сотқа келу күні және орны**:

Шешім шыгарған сот **:

Шешім шыгарылған күн **:

Құжатта көрсетілген шекті мерзім**:

СОТТАН ТЫС ҚҰЖАТ**

Құжаттың сипаты және мақсаты:

Күжатта көрсетілген шекті мерзім**:

*Тиісті жағдайларда қүжаттың берілуіне мұдделі адамның аты (атауы) және мекенжайы.

** Керек емесін сзызыңыз.

Осымен 1965 жылғы 15 қарашада Азаматтық немесе сауда істері бойынша сот қүжаттары мен соттан тыс қүжаттарды шетелде тапсыру туралы Конвенцияның қазак тіліндегі аудармасы Конвенция мазмұнына сәйкес келетінін куэландырамын.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің

Халықаралық құқық және

бынтымақтастық департаментінің

директоры

А. Ахметова

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК